

«Веренка ЖНББМ» КММ

Үйірме жұмысының 2024-2025 оқу жылының талдауы.

Веренка жалпы негізгі білім беретін мектебі 2024-2025 оқу жылы 1 тоқсан барысында дене шынықтыру сабақтары оқу жылының басында мектеп әкімшілігінің кеісімімен сабақ және үйірме жоспарын бекітіп, жаңартылған бағдарламаға сәйкес, оқу жұмыстарын жүргізіп келеді.

Қыркүйек айынан бастап спорттық іс-шаралар құрылып, жоспарлы бекітілген үйірме жұмыстары жүргізіліп келеді.

Мектебімізде 2 спорттық үйірме түріне оқушылар қатысады. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Сарсенов Мәлік « үстел теннисі» 5 «А», 5 «Б», 6 «А», 6 «Б», 8 «А», 9 «А» сыныптаға үйірме жұмыстарын жүргізеді

Беркінұлы Наурызкелді «тоғызқұмалақ» 2 «А», 2 «Б», 3 «А», 4 «А», 4 «Б» үйірмесі жұмыстарын жүргізеді.

29-ақпан айында 7-8 сынып оқушылар арасында үстел теннисінен ұлттық мектеп лигасы Қазан ЖНББ мектебінде ұйымдастырылды. Үстел теннисінен ұлттық мектеп лигасына мектебіміздің Базарбаев Ринат, Тұрсынбай Арайлым, Тюлиген Ерасыл атты оқушыларымыз қатысып, командалық 3-орынға ие болды. Жетекшісі: Сарсенов Мәлік.

20-наурыз «Ұлттық спорт күні» мерекесіне орай, мектебімізде ұлдар мен қыздар арасында ұлттық «Асық ату», «Бес асық», «Ләңгі», «Арқан тартыс» ойындары ойнатылды. Мақсатымыз: біздің ұлттық спортымыз- тек сайыс емес, онда көшпелі тұрмыстық рухы бар екенін ұғындыру. Оқушылардың ұлттық ойындарға деген қызығушылығын арттыру.

Сәуір айында Шалқар қаласында үстел теннисінен ардагер ұстаз Резванов Ильясты еске алуға арналған ашық біріншілігі өтті. Жарыста Алдан Айша 3-орын, Жайшылық Арсен 3-орынға ие болды.

Мамыр айында үстел теннисінен жасөспірімдер мен қыздар арасындағы "ALGA CUP - 2024" облыстық ашық турнирі өтті. Жекелей ойында Алдан Айша 3-орынға ие болса, командалық ойында Мукашева Аделя, Тұрсынбай Ұлмекен 3-орынға ие болды.

Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі:



Сәрсенов М.К

Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі:



Беркінұлы. Н

«Веренка ЖНББМ» КММ

Үйірме жұмысының 2023-2024 оқу жылының талдауы.

Веренка жалпы негізгі білім беретін мектебі 2023-2024 оқу жылы 1 тоқсан барысында дене шынықтыру сабақтары оқу жылының басында мектеп әкімшілігінің кеісімімен сабақ және үйірме жоспарын бекітіп, жаңартылған бағдарламаға сәйкес, оқу жұмыстарын жүргізіп келеді.

Қыркүйек айынан бастап спорттық іс-шаралар құрылып, жоспарлы бекітілген үйірме жұмыстары жүргізіліп келеді.

Мектебімізде 2 спорттық үйірме түріне оқушылар қатысады. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Сарсенов Мәлік «үстел теннисі» 5 «А», 5 «Б», 6 «А», 6 «Б», 8 «А», 9 «А» сыныптаға үйірме жұмыстарын жүргізеді

Беркінұлы Наурызкелді «шахмат» 2 «А», 2 «Б», 3 «А», 4 «А», 4 «Б» үйірмесі жұмыстарын жүргізеді.

Қазан айында мектебімізде кіші сынып оқушылары арасында «25-қазан Республика күні» аясында көңілді спорттық жарыс ұйымдастырылды. Оқушылар екі командаға бөлініп, спорттық додаға түсті.

Қаңтар айында оқушылар арасында «Ақтөбе қаласының 135 жылдығына арналған нашақорлық пен есірткіге қарсы» атты үстел теннисінен аудандық жарыс өтті. Осы жарыста мектебіміздің 4-сынып оқушылары Алдан Айша, Мукашева Аделя, Қайпанов Аңсат 3-орынға ие болды.

Ақпан айында өткен «Ақтөбе облысының чемпионаты» атты ұлдар мен қыздар арасында үстел теннисінен жарыс өтті. Жарыс барысында мектебіміздің мына оқушылары Есмағамбетов Арман, Қайпанов Аңсат 3-орын иеленді.

Мектебімізде мамыр айында «Бірлік күні» мерекесіне орай 6-9 сынып арасында «ВЕЛОШАБАНДОЗ» спорттық ойын ұйымдастырылды.

Мамыр айында "ALGA CUP - 2024" атты облыстық үстел теннисінен ашық турнир өтті. Турнирде жұптық ойын бойынша Алдан Айша 3-орын, жекелей ойыннан Алдан Айша 2-орын иеленді.

Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі:



Сарсенов М.К

Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі:



Беркінұлы. Н